

«Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Денсаулық сақтау саласындағы білім және ғылым ұйымдары
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші (көрсетілетін қызметті алушы тікелей жүгінген кезде); 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі	көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде: 1) білім беру бағдарламасын толық игерген сәттен бастап, біліктілікті арттыру және сертификаттау курстарының ұзақтығына қарамастан, оқуды аяқтағаннан кейін біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы құжаттарды беру - 1 (бір) жұмыс күні (білім беру бағдарламасын толық меңгерген жағдайда); 2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-30 (отыз) минуттан аспайды; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут: 1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 30 (отыз) минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	1) біліктілікті арттырудан өткені туралы: денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілікті арттырудан өткені туралы куәлік; 2) сертификаттық курстан өткені туралы: денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттық курс туралы куәлік немесе сертификаттық курстан өткені туралы анықтама.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	жеке тұлғаларға - тегін
7	Жұмыс кестесі	көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында (дүйсенбі – жұма үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін); 2) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі (немесе сенімхат бойынша оның өкілі)	1) көрсетілетін қызметті берушіге: тікелей жүгінген кезде жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 2) порталға: электрондық түрдегі сұрату.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толық емес тізбесін белгілеу жатады.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті порталда тіркелген субъектінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы портал бір реттік пароль беру жолымен немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильдік қосымшада авторизациялаудан, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс. Көрсетілетін қызметті берушілердің мекенжайлары мен байланыс телефондары денсаулық сақтау саласындағы білім және ғылым ұйымдарының интернет-ресурстарында немесе көрсетілетін қызметті берушінің үй-жайларында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.